

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бауырсақтың ізімен.

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.11.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/127242/>

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімнің аты: Сенсорика

Сабақтың тақырыбы: Бауырсақтың ізімен.

Сабақтың мақсаты:

Тәрбиелік: балаларда бір-біріне сыйластық сезімдерін тәрбиелеу; әр уақытта көмекке келуге ұмтылдыру.

Білімділік: түстер, пішіндер туралы білімдерін бекіту; ортақ белгілері бойынша пішіндерді топтастыру; заттарды салыстыра білу; кеңістікте дұрыс бағдарлай білу; байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Дамытушылық: ұсақ қол моторикасын дамыту; ес, зейін қабілеттерін дамыта беру.

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің әрекеті Балалардың әрекеті

Мотивациялық- қозғаушылық Шаттық шеңбері:

Сәлем саған Алтын Күн! Сәлем саған Көк Аспан! Сәлем саған Жер-Ана! Сәлем бердік баршаңа!

Балалар дөңгелене тұрып бәрі бірге тұрады.

Ұйымдастыру — іздестіру II.Ғажайып сәт. -Балалар, мынау не? -Сандық ішінде не бар? -

Бұл ертегі кітап қалай аталады? -Ертегі не туралы? -Бауырсақты көріп тұрсыңдар ма? -

Көзімізді жұмайық! -1,2,3 енді ашыңдар! -Балалар, жерге қарайықшы. Ұзыннан-ұзақ

іздер жатыр. Балалар бұл ненің іздері? Осы іздермен жүріп бауырсақты іздейік.

Бауырсақ кімнен қашып кетті? (Бауырсақтың әнін айтады). -Ой, балалар, мынау ағаштың

түбінде не отыр? Ол өте көңілсіз екен! -Сандық. -Кітап. -«Бауырсақ» ертегісі. -Бауырсақ

туралы. -Жоқ. Көздерін жұмады. Жердегі іздерді көреді. -Бауырсақтың іздері.

-Мен атадан қашып кеттім,

Мен әжеден қашып кеттім.

-Қоян.

Қоянның қолында қағаз бар. Ол Бауырсақтың тапсырмасы екен. Кәне қоянмен бірге тапсырманы орындайық! Ойынның мақсаты: пішіндердің түрін, түсін атап білу. Ұқсастықты табу. Ойынның барысы: карточкадағы пішіндердің нобайына ұқсас

пішіндерді қою. -Біздің қоянымыз қуанып қалды ғой!

-Әрі қарай іздермен жүре берейік! Әнімізді ұмытпайық! -Балалар, ағаштың түбінде не отыр?

-Қараңдаршы, қасқырымыз ашулы. Өйткені оның қарны аш! Оған дәмді, тәтті тағам керек. -Мына сиқырлы қораптан іздеп көрейік! Қаттылап шайқап алайықшы. Қолымызды сұғып бір-бірден алайық. Мақсаты: заттардың пішіні мен түсін ажыратып айтуға дағдыландыру. -Мынау қызыл дөңгелек дәрумен. -Қасқырымыз дәрумендерге тойып қалған сияқты көрінбей кетті ғой.

-Бауырсағымызды іздеуді жалғастырайық!

-Балалар, мынау не?

-Үйдің қасында не тұр?

-Сонда бұл үйшікте аю тұрады екен ғой!

-Кәне, аюдан бауырсақ қайда екенін сұрайық.

-Бауырсақ қайда екенін аю көрсетеді, егер біз онымен өте қызықты ойын ойнасақ. Кәне «Көңілді сабынды көпіршіктер» ойынын ойнайық.

-Аю, сендерге риза, балалар!

-Қараңдаршы анау бір ағаштың түбінде нені көріп тұрсыңдар? Жақынырақ барайық.

Тапсырманы орындау.

-Мен атадан қашып кеттім, Мен әжеден қашып кеттім. -Қасқыр.

Бірге қорапты ұстап шайқайды.

-Мен атадан қашып кеттім, Мен әжеден қашып кеттім.

-Аю

Балалар аюмен ойнайды.

Рефлексивті — түзетушілік Қорытынды:

-Балалар бүгін біз не жайлы әңгімелестік? Не жайлы өттік?

-Ненің суретін құрастырдық? Балалар жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: нанды қалай құрметтеп қастерлеу керекені туралы.

Болу керек: Нан туралы түсініктері мол болу керек

Істей білу керек: Тәрбиешінің айтқанын қайталау, дид/ойынды ойнау қолдарынан келу.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.